



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қаңтардағы N 138 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 сәуір N 138а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қаңтардағы N 138

R020138_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

- 1) 1-тармақтағы "25" деген сан "26" деген санмен ауыстырылсын;
 - 2) осы қаулының қосымшасына сәйкес 26-қосымшамен толықтырылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 23 сәуірдегі

N 138а қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 30 қаңтардағы

N 138 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының

Экономика және сауда министрлігі

Бюджет бағдарламасының әкімшісі

2002 жылға арналған

081 "Орта бизнестің өндірістік және өнеркәсіптік-ұқсату секторларының кәсіпорындарын екінші деңгейдегі банктер арқылы несиелендіру" республикалық бюджет бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Бюджет бағдарламасының құны: 618400 мың теңге (алты жүз он сегіз миллион төрт жүз мың теңге).

2. Бюджет бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі: "Қаржы ынтымақтастығы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы займ туралы Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Z980330_ Заңы; " 2000-2002 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік инвестициялар Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің P001963_ қаулысы.

3. Бюджет бағдарламасын қаржыландырудың көзі: үкіметтік сыртқы займ

қаражаты.

4. Бюджет бағдарламасының мақсаты: Екінші деңгей банктері арқылы жеңілдікті несиелену жолымен бәсекеге жарамды шағын және орта кәсіпорындарды қолдау.

5. Бюджет бағдарламасының міндеті: Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен екінші деңгей банктері арқылы шағын және орта кәсіпорындарды несиелену.

6. Бюджет бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

N !Бағдар.!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны іске !Іске ! Жауапты
!ламаның!бағ. !атауы (кіші бағ. !асыру жөніндегі !асыру ! орындаушы
!коды !дар. !дарлама) !іс-шара (кіші !мерзімі!
! !лама.! !бағдарлама) ! !
! !ның ! ! ! !
! !коды !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

081 Орта бизнестің
өндірістік және
өнеркәсіптік-ұқсату
секторларының
кәсіпорындарын
екінші деңгейдегі
банктер арқылы
несиелендіру

080 Жобаны іске асыру Екінші деңгей 2002 жыл Қазақстан
сыртқы займдар банктері арқылы ішінде Республика.
есебінен шағын және орта сының

кәсіпорындарға Экономика
несиелерді ұсыну және сауда
министрлігі

7. Бюджет бағдарламасын орындаудан күтілетін нәтижелер: 2002 жылғы республикалық бюджетте көзделген, Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті жеңілдету несиелерін қаржымен жеткізу жолымен қолдау.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.